

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ПАВЛОДАР АУДАНЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» ММ

140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы,  
Толстой көшесі, 22, тел/факс: 8 (718-2) 61-94-80

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОГО РАЙОНА»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

140000, Павлодарская область, г.Павлодар,  
ул. Толстого, 22, тел\факс: 8 (718-2) 61-94-80

**БҰЙРЫҚ**  
06. 04. 2021 жылғы № 1-04/46

**ПРИКАЗ**

**«Орта білім беретін үздік ұйым»  
республикалық конкурсының  
I кезеннің өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 67 бұйрығына республикалық конкурстың (бұдан әрі - Конкурс) сәйкес I аудандық кезеңі өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №544 «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2 - параграфына (2016 жылғы 22 қаңтардағы өзгерістермен және толықтырулармен) (бұдан әрі - Қағида) сәйкес 2021 жылғы 30 сәуір күні «Орта білім беретін үздік ұйым» республикалық конкурсының I аудандық кезеңі өткізілсін.
2. Конкурстың құжаттары мен материалдары Қағидаларға сәйкес 2021 жылғы 5 мамырға дейін білім беру бөліміне жіберілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі С. Нургалиеваға жүктелсін.

Білім беру бөлім басшысы



С. Майдисаров

Танысты \_\_\_\_\_

(күні, қолы)



БҰЙРЫҚ

2016 жылы 22 қаңтар

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 67

город Астана

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым Министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
26 22 02
Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері жинағы
№ 13159
Түпнұсқа тіркелді

Бұл сериялық нөмірмен жарияланған болып табылады.  
Бланк белгісіз сериялық нөмірмен белгіленген.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым Министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10178 болып тіркелген, «Қазақстанская правда» республикалық газетінің № 59 (27935) 2015 жылғы 2 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе сөз мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидалары бекітілсін.»;

005603

001

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына» жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткеннен кейін он күн ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған шаралардың орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым  
Министрі



А. Сәрінжіпов

001

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2016 жылғы «22» қытауы № 67  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2014 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 544 бұйрығымен бекітілген

**«Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 8-7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) конкурстың ұйымдастырушылары – білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар;

2) «Орта білім беретін үздік ұйым» гранты (бұдан әрі – Грант) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына рейтингтік көрсеткіштері негізінде конкурс қорытындылары бойынша жыл сайын бөлетін ақша;

3) рейтингтік көрсеткіштер – мемлекеттік білім беру мекемелері сәйкес болуға тиіс, осы Қағидаларда белгіленетін өлшемдер.

3. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – Конкурс) білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жыл сайын өткізеді.

4. Конкурс тиімді педагогикалық және басқару тәжірибесін анықтау, қорыту және тарату, орта білім беру ұйымдарының педагогтары мен басшыларының кәсіби және жеке тұлғалық өсуін ынталандыру, Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінің даму үрдісін анықтау мақсатында өткізіледі.

*С.С.*

5. Грант Конкурстың жеңімпазы - мемлекеттік орта білім беретін үздік ұйымға беріледі.

**2. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі**

6. Конкурса қатысуға мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) барлық түрлеріне рұқсат беріледі.

7. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

1) I кезең – аудандық (қалалық), жыл сайын сәуір айында өткізіледі, онда екінші кезеңге қатысуға ұсынылатын Конкурса қатысушылар анықталады;

2) II кезең – облыстық, Астана және Алматы қалалары, жыл сайын мамыр айында өткізіледі, онда Конкурстың жеңімпазы анықталады.

8. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу мақсатында білім саласындағы жергілікті атқарушы органдар әрбір деңгейде, облыс (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), аудан (қала) әкімінің шешімімен облыс (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), аудан (қала) әкімінің білім саласына жетекшілік ететін орынбасарының төрағалығымен конкурстық комиссия құрылады.

9. I және II кезеңдердің конкурстық комиссияларының құрамына облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), аудандық (қалалық) білім саласы органдарының мамандары, тәжірибелі педагогтар, әдіскерлер, психологтар, қоғамдық ұйымдар өкілдері, ғылым қайраткерлері, білім саласындағы бақылау департаментінің қызметкерлері кіреді.

10. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды білім саласындағы жергілікті атқарушы органдар мерзімді баспасөз басылымдарында конкурстың басталуына кемінде 1 ай қалғанда жариялайды және:

1) Конкурс өткізілетін күнін, уақытын, орнын және тәртібін;

2) құжаттар қабылдау орнын және мерзімін қамтуы тиіс.

11. Қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және жоғары рейтингтік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін конкурстық комиссия Конкурса қатысушыларды іріктеуді төмендегідей өлшемдер бойынша жүзеге асырады:

1) оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын енгізу (қазіргі заманғы білім беру технологияларын тиімді қолдану, 1 компьютерге шаққанда келетін оқушы саны, Интернетке қосылу, жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі);

2) сапалы білім беруді қамтамасыз ету (жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алған түлектер үлесі, жалпы орта білім туралы үздік аттестатын алған оқушылар үлесі, қосымша білім берумен қамтылған оқушылар үлесі);

3) білім беру процесін кадрлармен қамтамасыз ету (5 жылда 1 рет педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуі, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану және деңгейлік бағдарламалар

021-

бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын педагогтардың үлесі, ағымдағы жылы білім беру ұйымына жұмыс істеуге келген жас мамандар үлесінің серпіні, жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі, аудандық (қалалық), облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға, семинарларға, форумдарға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысушы педагогтардың үлесі, эксперименттік, зерттеу, қолданбалы жұмыстарға, ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оқу және әдістемелік басылымдарға сараптама жасауға қатысуы, авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының, ғылыми әзірлемелерінің, басылымдарының бар болуы, озық педагогикалық тәжірибе енгізу, оқушылардың кәсіби бағдарын диагностикалау қабілетін қамтамасыз ету);

4) материалдық-техникалық қамтамасыз ету, білім беру ұйымын жаратқандыру және жабдықтау (қаржыландырудың тиімділігі және нәтижелілігі, қаражатты бөлудің ұтымдылығы және тепе-теңдігі);

5) білім алушылардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбегін қорғауға жағдай жасау (білім беру ұйымдарында білім алушыларды спорт секцияларының қызметімен қамту, тұрмыс жағдайы нашар отбасынан шыққан балаларды ыстық дәруменді тегін тамақпен қамтамасыз ету, балалар ауруларының динамикасы, оқыту жағдайының санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкестігі, мектеп инспекторы, психологтар мен әлеуметтік педагог лауазымының штатта, турниктер мен бейнебақылау камераларының болуы, мектепшілік және жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар санының үлесі);

6) педагогтар мен басшылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі көтеруі үшін жағдай жасау (білім беру ұйымында ақпараттық-әдістемелік кеңістіктің бар болуы, педагогтарды ақпараттық-коммуникациялық технологиямен қамтамасыз ету, мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі сапалы өзгерістерді зерттеу мониторингісінің нәтижесі);

7) инклюзивтік білім алуға жағдай жасау (білім беру ұйымына бекітілген шағын ауданда тұратын жалпы бала санынан инклюзивтік білім берумен қамтылған, ерекше қажеттілікті талап ететін бала үлесі);

8) соңғы үш жыл ішіндегі оқушылардың оқу рейтингтік жоғары көрсеткіштері, орта білім беретін ұйымның ерекше миссиясы (жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын табысты меңгерген оқушылар үлесінің серпіні);

9) білім беру сапасын басқару (оқушылар мен ата-аналар қажеттілігінің білім беру мониторингісінің нәтижесі негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау, білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі қызметінің нәтижелілігі);

10) білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың нәтижелері (оқу жетістіктерін сыртқы бағалау, ұлттық бірінғай тестілеу және халықаралық зерттеулер рәсімдерінің нәтижесі, оқушылардың функционалдық

091

сауаттылығын, математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын дамыту және қалыптастыру критерийлері, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен оқушылардың ғылыми жарыстарының жүлдегер оқушыларының үлесі);

11) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру (халықаралық ұйымдармен жасалған шарттар саны, халықаралық жобаларға қатысқан оқушылар мен педагогтар үлесі).

12. Конкурстың I кезеңінің қорытындысы бойынша конкурстық комиссия облыстық (Астана және Алматы қалаларының) деңгейдегі конкурстық комиссияның қарауына материалдарды, сондай-ақ мектеп атауларын көрсете отырып, аудандық (қалалық) конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме жолдайды.

13. Грант беру жөніндегі конкурстық комиссиялардың отырыстары егер оған құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

14. Дауыс беру нәтижесі комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен анықталады. Комиссия мүшелерінің дауысы тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

15. Білім беру ұйымдары Конкурсқа қатысу үшін конкурстық комиссияға мынадай құжаттарды:

1) Конкурсқа қатысуға өтінімді;

2) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес тиісті материалдарды тапсырады.

Өтінімдер нысанын жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

16. Конкурстық комиссияның қарауына қабылдаудың белгіленген мерзімінде тапсырылған құжаттар «Гранттар конкурсы» деген белгі қойылған конвертте қабылданады.

17. Құжаттарын құжаттар қабылдаудың белгіленген мерзімінен кеш ұсынған білім беру ұйымдары Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

18. Тиісті деңгейдің конкурстық комиссиясы ұсынылған құжаттар негізінде конкурсқа қатысушыларды тіркеуді жүргізеді.

19. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды қарау негізінде жеңімпазды анықтайды және грант беру туралы шешім қабылдайды.

20. Әр деңгейдегі конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, дауыс беруге қатысқан комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы және мүшелері қол қояды.

21. Конкурс жеңімпаздары «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсының лауреаты» атты арнайы құрмет дипломымен және грант алғаны туралы сертификатпен марапатталады.

Диплом мен сертификаттың нысандарын жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

22. Грантты төлеу конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

С.С.С.

23. Грант мөлшері республикалық бюджет қаражаты есебінен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі жалақының сегіз жүз еселенген мөлшерін құрайды.

24. Конкурстық негізде «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын алған мемлекеттік орта білім беру мекемелері Грантты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жарактандырылуын жақсартуға және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге жұмсайды.

Сеп

«БЕКІТЕМІН»  
Қазақстан Республикасы  
Әділет Министрінің орынбасары

  
З. Баймолдина  
2016 жылғы «20» ақпан

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы  
Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Нормативтік құқықтық актінің  
деректемелері:

«Орта білім беретін үздік ұйым»  
грантын беру тәртібін және оның  
мөлшерін белгілей отырып, оны беруге  
арналған конкурсты өткізу қағидаларын  
бекіту туралы» Білім және ғылым  
Министрінің 2014 жылғы 26  
желтоқсандағы № 544 бұйрығына  
өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан  
Республикасы Білім және ғылым  
Министрінің 2016 жылғы 22  
қаңтардағы № 67 бұйрығы

Нормативтік құқықтық актіні  
ұсынған орган:

Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрлігі

Нормативтік құқықтық актіні  
кабылдау негіздемесі:

«Білім туралы» 2007 жылғы 27  
шілдедегі Қазақстан Республикасының  
заңы

Нормативтік құқықтық актінің  
мемлекеттік тіркеуге келіп  
түскен күні:

2016 жылғы 25 қаңтар

Мен, Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Департаментінің бас сарапшысы Қ. Сәрсекке нормативтік құқықтық актіге жүргізілген талдаудың және нормативтік құқықтық акті құқықтық сараптамасының нәтижелері бойынша келесіні айқындадым:

1. Нормативтік құқықтық акт «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы 5-бабының 8-7) тармақшасына сәйкес әзірленген, осыған орай білім беру саласындағы уәкілетті орган «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекітеді.

2. Нормативтік құқықтық акт азаматтардың заңда белгіленген құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін бұзбайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

3. Нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу және келісу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық акт ресми жариялауға жатады.

### Қорытынды

Жазылғанның негізінде:

1) «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым Министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 67 бұйрығын тіркеуді;

2) Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 13159 енгізуді;

3) мемлекеттік тіркегеннен кейін нормативтік құқықтық актінің бір данасы (түпнұсқалар) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ресми жариялау міндеттемесімен жіберуді;

4) нормативтік құқықтық актінің бір данасын (көшірмелерін) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

5) нормативтік құқықтық актінің бір данасын (көшірмелерін) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде қалдыруды мүмкін деп санаймын.

Бас сарапшы

  
К. Сәрсек

Нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі данасын және қорытындыны алдым:

	Тегі, аты-жөні	Қызметі	Саны	Күні	Қолы
Түпнұсқа					